

Ы. Алтынсарин атындағы Қостанай
облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы



Костанайская областная библиотека
для детей и юношества им. И.
Алтынсарина

Оқу арқылы шығармашылық

(дауыстап оқу бағдарламасы бойынша жұмыс)



Қостанай қ., 2012

Құрметті әріптестер!

Сіздердің назарларыңызға дауыстап оқуды жүргізу бойынша тәжірибемізді ұсынамыз. Кітапханалардың ішінде балалар кітапханасындағы дауыстап оқу кітаппен жұмыстың басты негізін қалайтын маңызды әрекет деуге болады.

Баламен бірге дауыстап оқи отыра, біз сөз құдіретін ұғынып, көркем шығарма тілін түсіне бастаймыз, баланың терең ойға шомуына мүмкіндік беріп, оның болашақта зерделі оқырман болуына жол ашамыз.

Дауыстап оқу кітапханашының жақсы дайындығын қажет етеді (ол актерлік шеберлік қана емес): дауыс екпініне көңіл бөлу, мәнерлеп оқу, балалардың ықтиярынсыз өз ойыңды күшпен итермелемей, кітаптың негізгі мәнін табу—бұның бәрі кітапханашыдан білім мен шеберлікті талап етеді.

Біздің кітапханашымыз З. А. Кенжеғаринаның дауыстап оқу бойынша тәжірибесі қазақ тілінде өткізілгенімен ғана тартымды емес, оның түрлі әдебиет негізінде дайындалуы қызығушылық тудырады: ауызша халық әдебиетін де, шетелдік аударма әдебиетін де енгізген. Автор дауыстап оқуды дайындау және жүргізу барысын барынша ашып көрсете білген. Бағдарламадағы кітаптардың барлығын кітапханалардың кез келгенінен кездестіруге болады.

Басылым жұмыстарыңыздың жемісті болуына ықпал етеді деп үміттенеміз.

Кіріспе

Әдебиет – өнердің ең қиын және интеллектуалды түріне жатады, өз алдына шығарманы түсінуді талап етеді: оқу барысында бала қанша көркем бейне көз алдына елестетсе, сонша жарқын бейнелерден ләззат ала алады.

Балаларды оқыту үшін олардың білімдері ең алдымен: жазушы мен автор туралы ең қарапайым мағлұмат туралы және оқып жатқан шығарма туралы, оның жанры жайында және ең кішігірім фольклорлық жанр туралы (жұмбақ, мақал-мәтел, санамақ) білулері керек.

Оқыту бағдарламасының негізгі ерекшелігі: ол оқу кезінде өз шығармашылық мүмкіндіктері негізінде әдеби шығарманы қабылдауға көмектесетін бар әдіс-тәсілдерді қосу керек.

Сол себептен бағдарлама келесі **негізгі тапсырмаларды** шешуге көзделген:

-әдеби шығарманы толық қабылдауға, кейіпкермен бірге мазасыз күй кешуге үйрету;

-әдеби шығарманың көркем тілін түсінуге және сезінуге үйрету, оқушының көркем ойлау сезімін дамыту;

-ауызша өнер шығармасына, жазушылардың әдеби шығармаларына қызығушылықтарын арттыру және тұрақты кітап оқуға деген талабын қалыптастыру;

- мазмұны, тақырыбы және түрлі жанр жағынан кітаптарды оқуға балалардың ой -өрісін кеңейту.

Бағдарламаның тапсырмасы:

1. Оқуға деген қарым-қатынастың өзгеруі. Оқу барысы -сұранысқа ие, тартымды, қызықты әрекет.

2. Бағдарламаның жүйесі бойынша жетілдіру, дамыту шараларымен қамтамасыз ету.

Дауыстап оқу... көркем мәтінді мәнерлеп ләззатпен оқу...авторды өзімнің сырласым деп тану, сөзіне құлақ салу, келісіп, не пікір таласу... Оқып-оқығанды ақылымен, жүрегімен түйсіну...кітапты толығымен қабылдау...Осы айтылғандарды бір ұғыммен «идеалды оқырман» деуге болады. Бірақ бала оқырман боп тұмайды, оқырманды тер төгіп тәрбиелеу керек. Бұл жерде отбасы және мектептің еңбегімен бірге кітапхананың да атқарар ролі өте маңызды.

Сауатты оқырман тәрбиелеу-балалар кітапханасының басты міндеттерінің бірі. Бірлесе оқу, оқығаны туралы пікір алмасу арқылы оқырманға алғашында көруге, қабылдауға, көркем шығармаларды ақпарат көзі деп сезінуге үйретсек, кейіннен оқудан ләззат алуға болатынына көздерін жеткізу қажет.

Қазіргі кезде жаппай өткізіліп жатқан шаралардың қасында, дауыстап оқу - көкейтесті мәселе емес, қазіргі заманға сай емес, жүргізілу түрі қазіргі заман талабына сай емес екенін бәріміз білеміз. Қазіргі кездегі шаралардың артықшылығы-мерекелік, адамдары көп, ғажап көріністер. Жоспарларда «поле чудес», «өз ойының» ж.т.б. теледидардан алынған ойын түрлері жаңғырып тұр. Бұл жаман емес. Бірақ осындай ойын түрлері біздің кітапты лайықты орынға қоймай, кей кезде өткізілген кездесулерде, шараларда, кітаптың мүлдем болмауы балалардың оқымайтынын себебі ме екен деп ойланасың. Сол себептен қазіргі кезде дауыстап оқу түрі артта қалу себебі жай емес.

Бұл жұмыстың мақсаты-дауыстап оқу ұйымының әдістемесін еске түсіру және оның әртүрлі нұсқаларын ұсыну.

Дауыстап оқу- дауыстап оқыған шығармасын талқылау, түсініктеме беру арқылы әдебиеттерді ауызша насихаттау түрі.

Дауыстап оқудың мақсаты – оқып көркем тілдерін дамыту, оқып ойлауға үйрету, оқып сезінуге,оқып өмір сүруге үйрету; айтылғандарды анық есту үшін белсенді тыңдауға үйрету.

Басты мәселесі- бала алдында сөз өнерінің әлемін ашу. Яғни бұл сөзге деген сезімді тәрбиелеу, қызықтыру, кітапқа деген талпынысын арттыру.

Бұл жерде кітапханашының қызметі неде?

Ол балалар мен кітаптарға кездесу ұйымдастырып, автордың айтқан, жеткізген тілдерін үйретеді. Оқу барысында тыңдаушыға барын салып тыңдауға үйретеді. Балалардың кітаппен кездесуінде кітапханашылар мен балалар осы шарада автормен бірлесіп, шын кейіпкерлер секілді сөйлесу керек. Бұл үшін баланың кітаппен кездесуі жемісті, ал кітапханашыға осы кезеңде байсалдықпен еңбек ету керек.

Бұндай сабақ өз алдына дайындалуды қажет етеді:

оқу үшін кітап таңдау;

мәнерлеп оқуға дайындалу;

оқылғандарды талдауға сұрақтар құрастыру;

шығармашылық тапсырма;

түсініксіз сөздерді мәнерлеп түсіндіру;

Оқу үшін қалай кітап таңдау керек? – бұл сұраққа мамандардың жауап бергені: әңгімелесушіге тілі түсінікті, жас деңгейіне сай, дайындалуына еркін, көп әртүрлі және жақсы кітаптар керек.

Таңдалған шығармаларда болу керек:

- ❖ Балалардың күйзеліс сезімін ояту,
- ❖ оқығанын әрі қарай өрбітуге ынталану,
- ❖ шығарманың мазмұны өзекті тақырыпта болу керек.

Дауыстап оқу түрінің құрылым барысы қандай болу керек – бұл жұмыстың құрылымы кіріспе әңгімеден және оқылғаннан кейінгі әңгімеден тұрады. Дауыстап оқудың басты кезеңі – кіріспе әңгіме. Оның мақсаты – оқырманды қызықтыру, алдағы кітаппен жұмысқа даярлау (жазушымен, қиын сөздермен, керек сөздермен, кітап не жайында екенін түсіндіріп кету). Ең бастысы-басында ерекше жылы сезім жасау керек. Өзінің шығармашылық

ойын қорықпай жеткізе алатындай етіп, өз қатесің дұрыстай алуға үйрету керек.

Қалай оқу керек – оқырманды қызықтыру үшін, таңдандыру үшін кітапханашы көркем шығарманы дұрыс және мәнерлеп, ойлай білуіне барынша түсінікті етіп оқу керек. Оқу алдын-ала дайындалуды қажет етеді. Сол себептен кітап беттерін көзбен жүгірткендей оқу керек.

Оқыған жайлы әңгімелесу- балаларға дауыстап оқудан кейін қойылған сұрақтар- ол әңгімелесудің бастамасы.

- сұрақтар олардың оқыған әңгімелерінің оларға қандай сезім ұялатқанын және қандай әсер алғандарын білдіреді.

- сұрақтар тағы да олардың әңгімені қалай түсінгенін білдіреді. Бұл жерде кітапханашы шығарманың мазмұнын өрбіту үшін сұрақтарды басты кезең қисынын келтіру үшін сұрақтарды талқылау.

Кітап оқу дегеніміз – балалардың рухани өмірінің бір жағы. Сондықтан да мектеп оқушысы қалай оқиды, және нені оқиды, кітапты қалай түсінеді, кітап оның қандай ойын оята алады, кітапқа деген ықыласының туу себептері қандай екендігін білу үшін осы жұмыс жүргізілді. Сол себептен кішкентай мен 1-6 сынып оқушыларына арналған бөлімде осы бағдарлама өз жұмысын бастады. Бұл жұмыс осыдан бірнеше жыл бұрын көптеп қазақ мектептері ашыла бастаған кезде пайда болды. Оның өз себебі де бар. Өйткені сол кезде балалар өздеріне керекті кітапты немесе материалды түсіндіре алмайтын. Жартысы орысша, жартысы қазақша болатын. Содан бұл жағдай осы жұмыстың бастамасы болды. Осы мәселелерді ескере отырып, бөлім меңгерушісі «Дауыстап оқуды» ұйымдастыруды ұсынды. Кітапханада жетісіне екі рет дауыстап оқу өткізіледі деп шешілді. Алдымен мектеп мұғалімдермен кездесіп осы ойымызбен бөлістік. Бұл жұмысты бастар алдында № 24 мектебінің мектеп бағдарламасынан тыс кітаптар оқымайды деген өтініш білдірген мұғалімдерімен кездесуді жөн көрдім. Кездесу

мақсатым сабақтан тыс сағаттарда немесе өз беттерінше қандай әдебиеттерді, қандай тақырыпта оқығанды ұнатады екендігі. Әңгімелесу барысында көптеген балалардың мектеп пәндері бойынша тілді түсінбегендіктен оқу жылдамдығы нашар. Сонымен қатар өз беттерінше көркем әдебиеттерді аз оқитындарынан берілген материалды баяндап жеткізе алмайды. Мектептегі ата-аналар жиналысына болғанда, олармен де ойымыз бір болды. Мектеп мұғалімі осы жерде балалардың оқу жылдамдығы төмен екендігін және қазақ тілдерін дамыту керектігін және бұндай жұмыс өз алдына балаларға оқу жағынан да, білімі жағынан да көп көмегін тигізерін айтты. Содан алғаш боп дауыстап оқу жұмысының қатысушылары № 24 мектептің 4 «а» сынып оқушылары болды. Олардың саны 15-20 қатысушы. Осылай біз олармен қазақ тілінде әртүрлі шығармаларды оқып кеттік. Бірінші сабақтан бастап балалардың оқуға, жаңа нәрсе тыңдап білуге тілектері, қызығушылығы танылды. Бір сыныптың балаларынан дауыстап оқудың кездесулері жайында екінші сынып балалары естіп, әр кездесуде балалар саны көбейтіп қуанып тастады.

1. Ең алдымен мектеп бағдарламасына мұғаліммен келісе отырып, тізім құралады.
2. Мерейгер балалар ақын жазушылардың шығармаларынан тізім құралады.

Балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін, олардың жандарымен жақсы көретін «тыңдау» арқылы ықпал ету керек. Егерде бала аз оқыса, оның оқу жылдамдығы төмен және кей кезде ол өзі не оқығаны жайлы да түсінбей қалуы мүмкін. Және жақсы оқитын бала өз бетімен оқығанда көп нәрсені жанарынан шығарып алады. Дауыстап оқу – өз бетімен оқыған кездегі жанарынан өткізіп алған жерін немесе түсінбей кеткен жерін дауыс ырғағымен немесе екпінмен оқылуына байланысты жақсы түсінуіне мүмкіндік береді. Оқылу кезінде балалардың оқылған бойынша пікірлерін тікелей көріп сезіне аласың. Дауыстап оқу – аз немесе нашар оқитын балалардың кітапқа деген

қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Кейбір кезде кітапты дауыстап оқи отырып, ең қызықты жеріне келгенде тоқтап, балалардың өздеріне аяқтауға мүмкіндік беріп қадағалауға да болады. Әр оқу түрлі әдістермен бекітіліп отырды. Бірде гүл құрастырып бекітсе, екінші де пирамида арқылы құралған сұрақтарға жауап беру арқылы, енді бірде басты кейіпкердің суретін қалай суреттер едің және неге, деп сабағымызды қызықтыра отырдық.

Бірнеше мысал келтіріп кететін болсақ: Хэртлиң Петердің «Қазанбастың хикаясы» атты кітабы кітапханаға келгенде өзіміз танысып, ұнағасын оқырмандарға ұсындық. Өйткені шығарманың басты кейіпкері біздің оқырмандарымыздың жасындағы бала, бірақ өкінішке қарай оқырмандарымыздың шығармаға деген қызығушылықтарын көре алмадық. Мазмұнын сұрай келе балалардың әңгімені толығымен түсінбей қалғандығын түсіндік. Сол себептен осы шығарманы дауыстап оқиық деген ойға келдік. Бұл әңгіме балалар үйінде тұратын басы тым үлкен-ауру бала Қазанбасы жайында. Басының үлкендігін айтып балалар мазақтайтын. Сол қимыл-әрекеттерінен балалар әңгімені-көңілді әңгіме деп айтып жатты. Негізінде оқырмандар әңгіменің қайғылы және ауырған Қазанбастың жағдайын ешкімнің түсінбегенін түсінбей қалған. Дауыстап оқуда-балалар осы кітапты оқи отырып, талдай отырып әңгіме ең алдымен аянышты және басты кейіпкер Қазанбасы тума мүгедек, олқы екеніндігін түсінді. Оны екі рет асырап алады, бірақ оны екі ретте де балалар үйіне қайтіп әкеліп тастаған және өзінде балалар үйінен ылғида қашып, өзіңе нағыз дос, жанына жақын адам іздеген. Осындай оқудан кейін бұл кітап абонемент бөлімінен қолдан қолға ұстатпай оқылды. Жақындағы өткен «Елімнің 20 жылдық тойыңа, сыйлаймын 20 кітап оқып ойыма» атты акцияда сүйікті кітаптарын көріп құшақтап алған оқырмандар да болды. Міне осылай бұл кітапты да, көптеген балалардың ең сүйікті кітабына айналды. Кітапты оқып бітіргеннен кейін, сұрақтар қойып, жауабымен ПИРАМИДА құрау арқылы әңгімемізді бекіттік.

- 1.Әңгіме не туралы- 1 сөз болу керек.- (Қазанбасы)
- 2.Кітапқа мінездеме бер-2 (ауру бала)
- 3.Оқиға болған орын және уақыт- 3 (жетімдер үйі,қала)
- 4.Кітаптағы басты оқиға-4 (жанға жақын адам табу)
- 5.Басты кейіпкерлер,олар қандай-5(жалғыздық, түсінбеушілік, қашу, оралу, қатыгездік)
- 6.Кітаптың басын,ортасын және соңын оқығанда қандай сезімде болдың – 6 (Басы-аянышты,ортасы-мұңлы, соңы-қайғылы)
- 7.Бұл кітап не туралы (1ші сұрақты толықтыру керек) - (Қазанбастың қайырымды және қатыгез адамдардың қасындағы өмірі)
- 8.Осы кітап туралы жарнамаңыз- 8 (туғаны жоқ болған баланың қайғырып өлгені туралы оқиға).

Бұл пирамида- оқыған бойынша өз түсініктерін нақты қисынын келтіруге,болған жағдайға талдап, дұрыс шешімін табуға көмектеседі.

Дауыстап оқу-көркем шығармалардың тілін түсінуге және құрылған көркем бейнені көз алдарына елестете отырып,ортасын сезінуге үйретеді.

Бұл жерде Абай Құнанбаевтың «Қара сөздерін» оқығанымызды айтып кетуге болады. Алғаш оқығаннан балаларға Абайдың қара сөздерінің тілі ауыр және көптеп араб тілінде сөздер кездеседі. Осы сөздерді аударып талдап, оқуымызды басты кейіпкерлердің суретін салып қорытындылады. Әр қара сөзді оқығаннан кейін әр балалар кейіпкерді қалай елестетеді сонын суретін салып, түсіндіріп берді. Осылай балалар шығарманың қиындығын түсіне алды.

Дауыстап оқу- әр түрлі тақырыпты және мазмұнды жанрдағы кітаптармен таныстырып өнегелі – эстетикалық және танымдық ой – өрісін байытып кеңейтуге көмектеседі.

Бұл мақсатқа қазақ ертегілеріне арналған дауыстап оқу циклінің бөлімі Алдар Көсе ертегілері себеп болды. Шарамызды гүл құрастыру арқылы қорытындыладық. Балалар гүл жапырақшаларына басты кейіпкерге

психологиялық мінездеме беріп, жазып, жапсырады. Осындай әртүрлі әдіс – тәсілдер тілдерін, олардың шығармашылық қиялдарын дамытады. Бір жыл өткен сабақтың салдарынан абонемент бөлімі мен оқу залында кітап беру саны өсті. Оқу жылы аяқталар кезінде сол мектеп оқытушымен кездесіп, оқушылардың оқу жылдамдығы артқаны жайында естігенде қуанып қалдым. Сонымен қатар сабақ бойынша бағалар да жақсарғаны жайында ата-аналардың жылы лебіз білдіргендері қуантып тастады. Нәтижесі барын түсіндік. Дауыстап оқу барысында балалардың не оқып, тыңдағылары келетіні ескерілді. Дауыстап оқулар ертегілер, аңыздар, өсиет әңгімелер, өлеңдер, мақал- мәтелдер сияқты алуан түрлі тақырыпта болды. Дауыстап оқу оқырмандар мен кітапханашылармен қатар мұғалімге де қажет ойлаймын. Бірігіп жұмыс істеуді күшіейту арқылы білімді, дарынды оқушы өсіруге болады. Осы жұмыстың нәтижесінде балалар кітапханаға жиілеп келіп, кітап оқуға қызығушылығын жоғалтпай әрі қарай өссін деген тілегім.

Осы жұмыспен бірге-осы және басқа балалардың қатысуымен «Алдар Көсе және бәрі, бәрі» атты театральдық топ құрылды. Бұл топтың құрылу мақсаты-осы оқыған не білетін шығармаларды дайындап көрермен алдына шығару керек болды. Бұған оқушылар көп қызығушылықпен қатысты. Әйгілі қазақ ертегісі «**Алдар Көсе мен мақтаншақ бай**» ертегісінен бастап, атақты балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің «**Қара батыр**» ертегісін де балалар өте тамаша орындап берді. Және тағы да басқа бірнеше көріністер дайындалып әртүрлі іс-шаралада көрермендер назарларына ұсынылды. Осы жұмысты жаңа жылда тағы да түрлі әдістер арқылы жаңғыртсақ деймін.

Дауыстап оқу болса ары қарай жаңа оқу жылы басталысымен өз жұмысын кезекпен жалғастырдық. Дауыстап оқуды өткізу үшін алдымен не оқу оқитынымыз жайлы тізім құралды.

1. Әңгімелеу өнері (ертегілер)

1. Наурыз көже
2. Түс
3. Жапалақ пен тоқылдақ
4. Алдар көсе ертегілері

2. Өзіміздің жерлес ақын жазушылар

1. Ы. Алтынсарин «Қара батыр»
2. Серікбай Оспанов «Емші туралы ертегі»
3. Ақылбек Шаяхметов «Бағдаршам»
4. Нағашыбай Мұқатов «Қазақстан»

3. Өлеңдер

Соқыр ана

4. Абай Құнанбаев қара сөздері

5. Қазіргі жас жазушылар

1. П. Хәртлин «Қазанбастың хикаясы»
2. Агила Сауран «Сиқырлы қазына»
3. Бейсенбай Сүлейменов «Хан шарындағы кездесу» Ұлан газеті; 2009ж, №22

Және бұл тізімнен басқа, кейде балалар өз оқығылары келген шығармаларды ұсынып жатты. Бұл жолы қатысушылар 24 мектептен басқа мектептерден болды. Олар: № 11 мектеп оқушылары, № 17 мектеп оқушылары, № 20 мектеп, № 10 мектеп оқушылары. Олардың барлығы – 21 оқушы.

Балалар әсіресе өз жерлес ақындары жайлы оқыған кезде көп қызығушылық танытты. Бір кездесуімізде **Серікбай Оспановтың «Емші туралы ертегі»** атты ертегі өлеңімен таныстық. Олар алдымен автордың фото суретімен және өмірбаяны жайында қысқаша танысып өтті. Одан кейін ертегісі оқылды. Содан мынадай сұрақтар қойылды:

- 1) Оқығаннан кейін қандай сезімде болдыңдар?
- 2) Ертегінің аяғын өзгерткілерің келе ме? Келсе қалай?
- 3) Ертегі ұнады ма? Неге?
- 4) Бұл ертегі бізді неге үйретеді?

Сұрақтарға жауап берілгеннен кейін балалардың ұнатып ойнайтын құрастыру ойыны ойналды. Ойын шарты бойынша бастаған ойыншы қағазға тақырып бойынша сөйлем жазады да, қағазды бүктеп, соңғы сөзін келесі ойыншыға көрсетіп қояды. Сол сөзбен келесі ойыншы жалғастырады. Соңында әр баланың ойынан құрастырылған қызықты әңгіме немесе ертегі шығады. Кездесу соңы екі көрсетілген карточка арқылы аяқталды. Екі карточканың бірінде «автор» және «ертегінің тақырыбы» жазылған сөздермен қорытындылды. Бұл карточкадағы сөздер арқылы балалардың естерінде автор және сол автордың шығармасы көз алдарында сақталып қалады. Үйге автор жайлы мәліметті толықтыру тапсырылды. Жыл басынан бастаған сабағымызды тұрақты қатысушы оқушыларымен және дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларымен сайысқа түсіріп аяқтадық. Сайыс барысында балалар қандай жетістікке жетуілері керектігін түсінді.

Оқырманға қызмет көрсетудегі басты мақсатымыз – жұмыс барысында озық іс-тәжірибелерді қолдану. Қазіргі мол ақпараттар заманында әрбір адам өзіне қажетті мазмұн мен мәліметті таңдап, талғай білуге дағдылану керек. Кез келген маман ұтымды әдістерді пайдалану арқылы өзінің білімге деген ынтасын ұштайды, ой өрісін кеңейтеді. Дәстүрлі жұмысына өзгеріс енгізуге әрбір кітапханашы ұмтылады және оны қолдана білу – кәсібін сүйген маманның ісі. Бұл жұмысымыздың мақсаты – балалардың оқуға деген ынтасын, құштарлығын қалыптастыру. Ал бұл-бүгінгі таңдағы басты мәселелердің бірі. Балаларға арнап жазатын жазушылар аз десек те, қолда бар кітап қорын оқуға тарту жұмыстары қиыншылық тудырып жататыны рас. Қазіргі ХХІ ғасыр

компьютер мен техниканың дамыған заманында, дабыл қағатын мәселелердің бірі:

- балалардың көркем әдебиетке қызығушылықтарының жоқтығы;
- көркем әдебиетті қойғанда қазақ тілінде кітаптар, газет-журналдарды оқымайтындығы;
- соған байланысты сөйлеу мәдениетінің төмендігі.

Бұл проблемалардың шешімін оқырмандармен жұмысты дұрыс жолға қоя біліп, балалармен бірлесе жұмыс жасағанда ғана жүзеге асады деп ойлаймын. Сол жұмыс арқылы көздеген мақсатқа қатысушылардың көмегімен жету, жұмыс үстіндегі еркіндік, тек сөйлеушіні тыңдауға ғана емес, ойлауға жетелеу, өз ойын жеткіуге баулу т.б. Болашақта осы дауыстап оқу жұмысының қорытындылау үшін жыл соңында үлкен шара өткізсем деймін. Бұл шараның мақсаты-жыл бойы бірлесе оқыған кітаптары, шығармалары туралы ой бөлісіп, жазу. Шара үш негіз бойынша жүргізіледі, олар:

- 1) өткенге көпір салу(яғни өткенді еске түсірі)
- 2) жаңамен танысу(авторға хат жазу)
- 3) талқылау, келіспеген пікірлерін салыстырып, ой қорыту.

Балалардың қызығушылығын арттырған соң, әңгіме бойынша кейіпкердің бейнесін ассоциация жасалынады. Өз суреттері жайында пікірлерін айтып бергеннен кейін, әңгіме алдамамен оқыта отырып талданады. Сосын 2 топқа бөлініп, бір топ сюжеті бойынша көрініс дайындайды, ал екінші топ басты кейіпкердің іс қимылына болжам жасайды. Әрбір топ бірін-бірі тыңдап көріп, толықтырулар енгізеді, бір-бірлеріне сұрақтар қояды. Осы шараға байланысты жыл бойы оқылған кітаптар мен ол кітап жайлы жазылған лебіздері мен салған суреттері және қойылған көріністерінің фотосуреттері бар кітап көрмелері ұйымдастырылады. Бұл жетістікке әртүрлі оқушылармен бірлесудің, ізденудің нәтижесінде жетеміз. Жай уақытта кітап оқуға ерінген балалар, осы жұмыс нәтижесін көре отырып, өз білімдерін, өнерлерін көрсетіп қалуға тырысады

деп ойлаймын. Сонында кітаптың авторына немесе ұнаған кейіпкерлеріне хат жазып, іштегі ой-толғаныстарымен бөліседі. Бұл жұмыстың барысы оқушылардың көркем шығармаларды оқуына, ой өрісінің дамуына, жан-жақты қалыптасуына үлкен әсер етеді. Бұдан оқушы сауаттанады, сөз қорын ұлғайтады, ойын еркін жеткізе алуға үйретеді. Кітап оқуды қалыптастырған бала ойлау жүйесі жүйрік, әр сұраққа жауабы жүйелі нақты болады. Сөйлегенде мәдени, әдеби тілде көптеген сөздердің баламасын тауып айтып, өз ойы бойынша мазмұндап айта алатын болады. Көркем әдебиетті үнемі оқитын балалар суреттер бойынша сөйлегенде шешендік қабілеттерін де көрсете біледі, сөз тандай алады. Ал топпен жұмыс істеуде қасындағы достарының пікірін сыйлай білуге үйренеді. Бұндай болып өскен ұл мен қызымыз шын мәнінде өз елінің толыққанды мәдениетті азаматы болып өсетін естен шығармағанымыз жөн.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқырман кітапханаға келіп, әрдайым кітап оқып жүргенде ғана білесің. Қазіргі таңда кітапханамыздың үлкендерге арналған бөлімінде көпшілік келіп, оқып жүрген оқырмандарымыз көбі осы дауыстап оқуға әрдайым қатысып, бізбен бірге болған оқырмандарымыз. Соңғы Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған шарада қатысып, өз өнерлерін көрсеткен дарынды мектептің оқушылары осы жұмыстың алғашқы қатысушылары. Соны көргенде өз басым қуанып қалдым. Бұл кішкентай болса да, ең алғаш жеңісім деп білем. Өйткені сол оқушылардан осы жұмыстың аз да болса нәтижесінде тұрақты кітапхана оқырманы қыла алдық. Келер жаңа жылда алға қойған көптеген жұмыстарымыз, ойларымыз бар. Келер жылғы жұмысымыздың басты мақсаты – ол ата-аналармен және мектеп мұғалімдерімен тығыз жұмыс жасап, нәтижесін сол кісілердің алдында көрсету. Бұндай жұмыстар көп уақытты талап етеді. Жұмысты талабына сай өткізу үшін әрдайым ізденіс үстінде болып, үлкен нәтижелерін көрсету. Бұл жобаның әдісі-жаңа жұмыстың түрі емес. Көпшіліктері өз жұмыстарында қолданып келе

жатқан шығар. Бірақ біздің кітапханада бұл әдіс түрі еш ескірмейді және әрдайым қолданыста. Сондықтанда біздің кітапханашылар үшін оқырманның оқи білу мәдениетін тәрбиелеу, жоғарлату үлкен міндет болып табылады.

0-6 сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімі

Кітапханаші - Кенжигарина З. А.

**Құрметті оқырмандар сіздерді
осы мекен жайында күтеміз!**

Қасымқан к-сі 74

тел.: 54-27-44,

54-11-61,

39-00-42

e-mail: albiblio@ya.ru

www.allib.org